

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
БИЗНЕС ЖӘНЕ БАСҚАРУ БАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

28.11.2023ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы, аға оқытушы М.Оспанкулова, мүшелері: э.ғ.к. С.Қалтаева, А.Сапарова, Р.Тажимаева, Г.Байбосынова, PhD М.Момбекова, Қ.Мырзабекқызы Қ, Г.Султанхановаға в.ғ.в оқытушылар А.Асанова, Ж.Алибекова; жұмыс беруші өкілдері Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы Мемлекеттік мекемесінің бас бухгалтері және аудиторы З.Бегімбетов, «Қазақстан Халық Банк» АҚ-ның Түркістан облысы филиалының №1 БКҚО-ның басшысы Е.Дүйсембаев, Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры А.Кенжалиев; білімгерлер өкілдері 6B04143 ББ білімгері Асылбек Қымбат, 6B04144-Қаржы ББ білімгері Орынбек Зарина, 7M04141-Қаржы ББ магистранты Досанов Бақдаулет, 8D04114- Мемлекеттік жәннен жергілікті басқару ББ докторанты Көлбаева Әйгерім т.б.

Кворум сақталған.

Күн тәртібі:

1. Әр ББ шеңберінде педагогикалық құзыреттер бойынша ПОҚ біліктілігін жетілдіру туралы
2. Оқу процесін автоматтандыру (цифрландыру) шеңберінде порталға жүктелген әр деңгейдегі ББ бойынша оқу-әдістемелік кешендері (контенттері): ағымдағы жағдайды талдау және болашақ жоспарларын әзірлеу
3. Бакалавриат деңгейдегі қолданыстағы ББ бойынша төрт тілді оқыту бағдарламасының іске асыруын талдау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша АҚ төрағасы М.Оспанкулова сөзінде профессорлық-оқытушылық құрамының және ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру (оқыту, тағылымдама, кәсіптік қайта даярлау) «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы негізінде іске асырылатынын айта кетіп, оқу үдерісінде және ғылыми-зерттеу жұмыстарында заманауи әдістер мен ақпараттық технологияларды енгізу деген кадрлық әлеуетті дамытудың **негізгі бағыттары**н және аталған бағыттар шеңберінде айқындалған келесі **міндеттерді атап кетті:** инновациялық технологияларды, оқыту нысандарын, әдістері мен құралдарын игеру; педагог қызметкерлердің академиялық ұтқырлық деңгейін арттыру; қазіргі заманғы ақпараттық және білім беру технологиялары саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру; кадрларды іріктеу және даярлау жүйесінде конкурстық бастамаларды күшейту үшін жағдайлар жасау; оқытушы мен ғалымның жана имиджі мен имиджін қалыптастыру үшін жағдай жасау; университетке жоғары білікті мамандарды, оның ішінде шетелден жұмысқа тарту.

ХҚТУ ОПҚ-ның біліктілігін арттыру жүйесін таяу болашаққа дамыту, ең алдымен.: 1. қазақстандық және халықаралық білім беру, ғылым және қолданбалы даму нарықтарындағы, 2.сараптамалық қоғамдастықтағы ең білікті жұмысшылар үшін

бәсекелестіктің күшеюі; 3. ғылыми, білім беру және басқару процестерінің сапалы жаңа деңгейіне көшуді талап ететін университеттің цифрлық трансформациясы; 4. цифрлық құралдарды енгізу арқылы ХҚТУ білім беру бағдарламалары мен білім беру сервистерінің қолжетімділігін арттыру қажеттілігі т.б. негізгі сын-тегеуріндерге байланысты екеніне тоқталды.

АК мүшесі Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі Г.Момбекова сөз алып ББ-лар шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мақсатында, талдау жүргізілгенін айта кетіп, жаңадан енгізілген арнайы пәндер бойынша біліктілік арттыру жоспарын жасауға кафедраларда талпырма беру керектігін, сонымен қатар, кафедралар тарапынан 9 қосымша дайындалғанын айтып кетті.

Екінші мәселе бойынша АК мүшесі А.Асанова баяндама жасады:

Пәндерді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету бойынша жұмыстың маңызды элементтеріне: оқытудың әр түрлі тілдеріне ие бөлімшелерде ұсынылатын білім беру бағдарламалары мазмұнының тұтастығы мен бірдейлігін қамтамасыз ету; әрбір бағдарлама шеңберіндегі пәндердің логикасы мен академиялық тұрғыдан өзара байланысын қамтамасыз ету т.б. тоқталды.

Бизнес және басқару даярлау бағытындағы мамандарды шығарушы кафедралары келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізуде:

1. БББ-н оқу-әдістемелік тұрғыдан жетілдіру: қайталама пәндерді алып тастау жолымен оқу жоспарларын оңтайландыру; тақырыптардың қайталанбауы үшін пәндер мазмұнын жетілдіру;

2. БББ-ның білім алушылар бойында практикалық күзiреттiлiктi қалыптастыруға бағытталуын арттыру;

3. Білім алушылар бойындағы лидерлік қасиеттерді дамыту;

4. Студенттердің оқуға деген ынтасын арттыру.

Аталған бағыттар әрбір оқытушыдан өкытылатын пәндер бойынша сапалы контенттер дайындауды талап етеді. ХҚТУ-нің ayu.edu.kz порталына жүктелген бір шама контенттердің сапасы өкінішке орай талапқа сай болмай жатады.

АК төрағасы М.Оспанкулова сөз алып, ағымдағы талдау нәтижесін келесідей етіп баяндады: : мамандандырылған пәндерде қосымша әдебиеттер тізімінде нормативтік –құқықтық актілер көрсетілмейді, БӨЖ тапсырмалары тек тақырыптар берумен шектеледі, ал пәннің ерекшелігіне байланысты әдістемелік нұсқау болмай жатады. Лекция мәтіндерінде қоғамда болып жатқан жаңа құбылыстарға байланысты материалдар жаңартылуы тиіс (Заңдарға байланысты өзгерулер мен қосымшалар, ережелер, статистикалық мәліметтер тиісті органдардың атауы ескі нұсқада т.б.)

Үшінші мәселе бойынша АК мүшелері Г.Момбекова, А.Сапарова есеп берді.

Көптілділік ол уақыт талабы. Көптілді саясатты жүзеге асырудың кілті-көптілді білім беруді қалай дұрыс және тиімді жүзеге асыру. Жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді жүзеге асырудың мақсаты негізінен шет тілдерінің нарықтағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

ХҚТУ да көптілді білім беру бағдарламасы іске асырылуда. ЖОО-да көптілді оқыту процесі деп университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды тілдік даярлауды, сондай-ақ түрік, ағылшын тіліндегі академиялық жазудың тиісті деңгейін жүзеге асыру жөніндегі мақсатты қызметі түсініледі. Бұл білім алушылардың академиялық ұтқырлық процесін жандандыруға ықпал етті.. Атап айтқанда, 8D04114 Мемлекеттік және жергілікті басқару ББ –ның докторанты Назерке Батырбекқызы АҚШ-тың «Қауымдастықпен тәжірибе алмасу (Community Engagement Exchange)» бағдарламасының жеңімпазы атанып, АҚШ-тың Детройт және Вашингтон қалаларында 3 айлық тағылымдамадан өтті;

2023-2024 оқу жылында «Орхун» бағдарламасы негізінде шетелдік ЖОО-ларына бір академиялық кезеңге білім алу үшін студенттер Түркия Республикасы, Нигде Өмер Халисдемир Университетіне іс-сапарға жіберілуі жоспарланды:

1. Сейтқасын А.Қ. 6B04140-Менеджмент ББ 3 курс студенті (күзгі семестр)
2. Алданыш Б.К. 6B04144-Қаржы ББ 3 курс студенті (көктемгі семестр)
3. Абдуллаева А. 6B04144-Қаржы ББ 3 курс студенті (көктемгі семестр)
4. Жаубай Н.М. 6B04140- Менеджмент ББ 2 курс студенті (көктемгі семестр)

Бакалавриат бағдарламалары бойынша көптілді оқыту 6B04144-Қаржы ББ бойынша 2021 жылдан жүзеге асырылады. Бұл жүйе аясында 2021-2025 ж.ж. пәндерді оқыту келесідей жоспарланды: 50% (қазақ/түрік тілінде)- 26 пән., 30% (ағылшын тілде) -16 пән, 20% (орыс тілінде) -11 пән.

Сондай-ақ жыл сайын университетте көптілді білім беруге тартылған оқытушылар, ғылыми қызметкерлер, магистранттар үшін тілдік даярлықты арттыру үшін түрік, ағылшын тілінде сөйлейтін курстар ұйымдастырылады. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында тілдік даярлықтан өткен ОПК саны 3 адамды құрады. 5 ОПК курстарын жалғастыруда.

Шешім:

1.2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын

2. Пәндерді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің сапасын арттыру жұмыстары жүргізілсін.

3. Көптілді топтардың білім алушыларының қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілін білуіне мониторинг жүргізу қажеттілігіне байланысты оқу жылының әр семестрдің басында және соңында компьютерлік форматта аралық және қорытынды тестілеуді өткізу бойынша ұсыныс берілсін.

АК төрағасы:
Хатшысы;



М.Оспанкулова
Г.Султанханова